

Докторант Салтақова Жанат Тоқтарқызының «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Қазақ шежіре-жырлары: жанрлық ерекшеліктері, тарихилығы, поэтикасы» (авторлық жырлар негізінде) атты диссертациялық зерттеу жұмысына берілген отандық кеңесшінің

ПІКІРІ

Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 2018 жылы жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында көрсетілген міндеттер еліміздің мемлекеттік тарихы мен ұлттық әдебиетіміздің өткені мен бүгiнiне, болашағына байланысты болып отыр. Өткенiмiздi түгендеу, болашағымызды бағамдау мақсатында қазiргi таңда әдебиеттану ғылымында қыруар шаруалар жүзеге асырылуда.

Кеңестiк идеялогияға қаншама қайшы келгенмен, шежірешiлiк дәстүр рухани мұраларымыздың өзге де түрлерi сияқты өз жалғасын тауып, мүмкiндiгiнше жиналып отырды. Себебi бұл жәдiгер ата-бабалар аманаттап кеткен тұтас бiр ұлттың өмiр жолы, сан ғасырлық тарихнамасы едi. Бiрақ қырағы саясат бұл мұралардың жариялануына, зерттелуiне жол бермей, жиырмадан астам бумада жинақталған шежірелер ұзақ жылдар бойы аталған қорларда жатып қалды. Ел тәуелсiздiгiн жариялағаннан кейiн ғана көне тарихымызбен қайта қауышуға мүмкiндiк туып, шежірелер кең көлемде басылым көре бастады.

Қорғауға ұсынылып отырған докторант Салтақова Жанат Тоқтарқызының «Қазақ шежіре-жырлары: жанрлық ерекшелiктерi, тарихилығы, поэтикасы» (авторлық жырлар негiзiнде) атты диссертация жұмысы қазақ ауыз әдебиетiнiң өзектi мәселелерiнiң бiрi, қазiрге дейiн зерттеу нысанына айналмаған – қазақ шежіре жырларына арналған.

Зерттеудiң негiзгi мазмұны үлкен үш тарау және осы тараулардың мәнiн ашып, толықтыратын екi тараушаларды қамтиды. Қазақ шежірелерi тарихи-деректанулық мақсатта зерттелгенiмен, оның жырға айналған үлгiлерi белгiлi бiр мақсатта топтастырылып, жүйеленiп, ғылымының қоғамдық-гуманитарлық салаларының арнайы нысаны болған емес. Аталған зерттеу жұмысы әдебиеттанудағы алғашқы еңбек болғандықтан, диссертант оның жазылу барысында төмендегiдей мәселелерге көңiл бөлген.

«Шежіре жырлардың генезисi, қалыптасып, дамуы мен жанрлық ерекшелiктерi» атты алғашқы тарауында шежіре жырлардың қалыптасу тарихы, зерттелуi, жанрлық ерекшелiктерi туралы сөз болады. Зерттеушi шежіре жырлардың жанрлық сипатын ашуға талпынған және оның өзiндiк даму, қалыптасу заңдылығы бар екендiгiн дәлелдеуге тырысқан. Сонымен қатар, шежіре жырлардың жиналу, жариялану тарихы жүйелi түрде қарастырылған.

Шежірені жырмен жазу – қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт халықтарында ертеден бар дәстүр. XVIII-XIX ғасырларда түркі халықтарының тарихы мен салт-дәстүріне байланысты мағлұматтарды жинау ісі қарқынды болғаны баршамызға аян. Кеңес одағының белгілі мақсатқа құрылған көптеген ғылыми экспедициялары жан-жақты ізденіп, мәнді деген мәліметтерді тіркеп отырған. Зерттеудің «Шежіре жырлардың тарихилығы» атты екінші тарауында шежіре жырлардың басқа да түркі халықтар мұрасында кездесетінін, сабақтастығы, ұқсастығы, сәйкестенуіне қатысты салыстырмалы түрде тұжырымдар жасалған. Типологиялық зерттеулердің өзінде де тарихилық басты орынға шығатыны мәлім. Шежіре жырларға қатысты алдыңғы тараудағы ой-пікір білдірген ғалымдардың еңбектерін типологиялық зерттеудің барлық шарттарына жауап бермесе де, негізгі нысанасы тарихилық болатын. Аталған тарауда ең алдымен шежіре жырлардың типтік негіздерін түрлі тарихи кезеңдегі оқиғалармен сабақтастыра түсіп, жалпы түркі тектес халықтар поэзиясымен салыстыра тексерулер жүргізілген. Осы ретте типологиялық жағынан ұқсастық башқұрт, қарақалпақ, қырғыз халықтарының шежіре жырларының қазақ шежіре жырларымен

Осы ретте ізденуші қырғыз ақыны Күлүмбайұлы Молдокматтың Қырғыз Ұлттық Ғылымдар Академиясының Қолжазбалар қорында сақталған «Санжыра дастан», «Мүйізді ене» атты шежіре жырларының қолжазбаларын тауып, алғаш рет ғылыми айналымға енгізгенін атап айту керек. Сонымен қатар аталған тарауда ұлттық (тарихи) жад, шежіреші, шежірешілдік ұғымдарына кеңінен тоқталған.

«Шежіре жырлардың поэтикасы» атты үшінші тарауда шежіре жырлардың қалыптасуына, дамуына, халық ауыз әдебиетіне енуіне қандай әдіс-тәсілдер, амалдар, көркемдік құралдар пайдаланылғаны сарапталады.

Қазақ әдебиеттануындағы шежіре жырлардың шығу тегі мен дамуын жан-жақты саралап, өзге халықтардың шежіре жырларымен салыстыра қарап, жанрлық сипатын анықтау және поэтикалық ерекшеліктерінің алғаш рет арнайы ғылыми-зерттеу нысанына алынуы – тақырыптың сонылығын сипаттайды. Зерттеудің осы реттегі басты ғылыми жаңалықтары: шежіре жырлардың тақырыптық топтасуы және тұтастануына байланысты тың тұжырымдар ұсынылған; ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен шежіре жырлардың өзара байланысы. Шежіре жырларды тарихи жырлардың бір тармағы ретінде қарастыруы және тұтастай поэтикалық тұрғыдан зерделенуі – диссертациялық жұмыстың басты жаңалығы болып табылады.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Ізденуші әр тарау бойынша ой қорытып, өз тұжырымдарын ұсынған.

Сонымен қатар докторант Салтақова Жанат Тоқтарқызы – шежіре жырлардың алғаш рет жинақталып, жарық көруіне атсалысқан, 2004-2013 жылдар аралығында «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген «Бабалар сөзі» Жүзтомдық сериясының шежіре жырларға арналған үш томының (32,81,82 том) негізгі құрастырушыларының бірі.

Докторант Ж.Т.Салтақованың зерттеу жұмысының негізгі мазмұны жөнінде ҚР Білім және ғылым саласындағы Жоғары аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік басылымдарда мақалалар жариялап, баяндамалар жасаған. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті.

Осы айтылған пікірлерді ескере отырып, диссертация авторы Салтақова Жанат Тоқтарқызының «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін. Сондықтан осы сала бойынша алғашқы зерттеу жұмысы ретінде әрі өзіндік айтары бар «Қазақ шежіре-жырлары: жанрлық ерекшеліктері, тарихилығы, поэтикасы» атты диссертациялық жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға негіз бар.

**Отандық кеңесшісі, филология
ғылымдарының кандидаты, доцент**



Т.К.Албеков

